

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1317 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы 18-02/908 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 101-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану ережесі бекітілсін.

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасының орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1235 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 48, 585-кұжат);

2) "Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкаларын, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 431 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 110-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 25 желтоқсандағы
N 1317 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану тәртібін регламенттейді.

Осы Ереженің күші мемлекеттік орман қорының бүкіл аумағына, сондай-ақ, егер бұл Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасына қайшы келмесе, осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолданылады.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісіп алынатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын орман табиғаты мен оның құраушыларын тану, соның негізінде орман ресурстарын күзету, қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөнінде тәсілдер, әдістер және технологиялық процестер, оның ішінде жаңа техника жасау үшін кешенді және мамандандырылған (ботаникалық, зоологиялық, орман өсіру, орман-патологиялық, топырақтану және басқа да) ғылыми зерттеулер мен экспериментальдық жұмыстар (бұдан әрі - ғылыми-зерттеу жұмыстары) жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан өзге де табиғи объектілерді зерделеу жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде, су қорғау аймақтары мен алқаптарында жүргізілетін судың жай-күйіне әсер ететін экспериментальдық жұмыстарды орман пайдаланушылар су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісе отырып жүргізеді.

3. Тәжірибелік-өндірістік тексерулер жүргізу мен ғылыми және конструкторлық талдамаларды орман шаруашылығы өндірісіне енгізу, тұрақты ағаш тұқымдары базасы объектілерін құру уәкілетті органмен келісе отырып осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жұмыстардың түрлері (стационарлық, далалық, бағыттық), ерекшелігі (ботаникалық, орман өсіру, топырақтану және басқалар), басталу және аяқталу мерзімдері, ғылыми зерттеулердің бағыттары, экспериментальдық объектілерді орналастыру орындары мен көлемі, пайдаланудың арнайы режимі, шектеулердің түрлері мен мерзімдері белгіленетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің алқабы көрсетіліп, орман пайдаланудың басқа түрлерінің шектеулері немесе оларға тыйым салушылықтар, аталған жұмыстарды жүргізудің басқа да ережелері уәкілетті органның немесе қарауында мемлекеттік орман қоры учаскелері болатын облыстық атқарушы органдардың және орман пайдаланушылардың арасында жасалатын ұзақ мерзімді орман пайдалану шартымен және (немесе) орман билетімен айқындалады.

5. Ғылыми-зерттеу мақсаттарын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының және (немесе) орман билетінің талаптарын өзгертуге:

1) белгіленген бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру мүмкін болмайтын жағдайға душар еткен табиғи апаттардың салдарынан мемлекеттік орман қорының жай-күйі өзгергенде;

2) егер бұрынғы пайдалану шарттары осы санаттардың мәртебесімен үйлеспейтін болса, мемлекеттік орман қоры санатының өзгеруі, оларды ерекше қорғалатын орман аумақтары құрамына енгізу нәтижесінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануды жүзеге асыру талаптары мен тәртібі өзгергенде;

3) мемлекеттік орман қоры учаскесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін ішінара алынғанда жол беріледі.

6. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану кезінде алынған орман өнімі (сүрек, жемістер мен тұқымдар, сеппелер, қалемшелер, көшеттер, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізаттар) ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажет бөлігін қоспағанда, мемлекеттік орман иеленушілердің меншігі болып табылады. Оның тізбесі мен көлемі зерттеулер бағдарламасы мен әдістемесін басшылыққа ала отырып белгіленеді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында және (немесе) орман билетінде көрсетіледі.

7. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану орманның экологиялық жүйелеріне және олардың құраушыларына нұқсан келтірмей жүзеге асырылуға тиіс.

8. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 39 және 40-баптарында айқындалған негіздерде тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады, орман

пайдалану құқығын тоқтату тәртібі 41-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК